Бекітемін:
«Нұрдәулет» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі
С.Х.Хантурина
«19» _____2024ж.

ПСИХОЛОГТЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылына арналған психологтың жылдық жұмыс жоспары
Түсінік хат

Еліміздің білім беру жүйесіндегі реформа жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қарастыруды көздейді.Баланың санасында қалыптасқан түсініктер мен психикалық таным процестерінің көрінісін, сипатын әңгіме түрінде, не суреттерге қарап сөзбен баяндауына бағыт беріліп, бақылау жасалады. Жаттығуларды орындауда балаларға қиындықтар кезедессе қайтадан түсіндіріп, орындалу барысына көмектесу қажет. Мектеп алды тобында педагогикалық–психологиялық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделді. Психологиялық жаттығулар баланың үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге баулиды.

Психологиялық дамудың маңызды жағын баланың бойындағы психологиялық үрдісімен ерік сапаларының, қабылдаудың, зейіннің, қиялдаудың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің қабілеттеріне қарай анықтау.

Баланың мектепке дайындығын байқауда танымдық процестері (қабылдау, ес, ойлау, зейін, қиял т.б) мен әрекеттердің даму дәрежесінің, оның ынтасының даму ерекшеліктерінің шешуші маңызы бар.

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттары:

Психоадаптация:

Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу – балабақшаға алғаш келген баланың жаңа ортаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделу сонымен қатар ата-анасына балабақшаға өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.

Психологиялық диагностика:

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу.

Психокоррекция және дамыту:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психокоррекция ағарту жұмыстары:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау. Бұл – балалармен, ата-аналармен, педагогтармен және ұжымның барлық мүшелерімен алдын-ала жүргізілетін жұмыс түрі. Бұнда жүргізілген жұмыс нәтижесіне байланысты кеңестер мен ұсынбалар беріледі.

Психологиялық кеңес:

Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу.

Балабақша педагог–психологының оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

I. Психоадаптация

№	Жұмыстың бағыты, мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Бөбекжайға жаңа келген балалардың мәліметтерімен танысу.	Мәліметтер жинау	Бақылау	Тәрбиешілер Психолог	Қыркүйек
2	Баланың бөбекжайға бейімделуіне көмектесу. Танысу тренингтері.	Баланың бөбекжайға бейімделуіне көмектесу.	Кеңестер, тренингтер, бақылау.	Ата-ана, бала, тәрбиеші	Қыркүйек
3	Балалардың өзара қарым-қатынастарын оқу іс-әрекеті, ойын барысында бақылап, анықтау.	Баланың балабақшаға ортаға бейімделуіне көмектесу	Бақылау, ойындар	Ата-ана, бала, тәрбиеші	Қыркүйек, қазан
4	Ата-анаға сауалнама жүргізу (Баласының бөбекжайға бейімделуі туралы)	Баланың бөбекжайға бейімделуі	Сауалнама	Ата-ана	Жыл бойы
5	Жас мамандармен жұмыс	Жұмысқа бейімделуіне көмектесу	Кеңестер, әдістемелік көмектер ұсыну	Жас, жаңадан келген жұмысшылар	Жыл бойы

II.Психологиялық диагностика

№	Жұмыстың бағыты, Мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Баланың оқу іс-әрекетін, ойын барысында бақылау	Даму ерекшеліктерін зерттеу	Бақылау	Бала, тәрбиеші	Жыл бойы
2	Топтағы әрбір баланың психологиялық дамуын, жас ерекшіліктеріне қарай жеке жұмыс түрлерін жүргізу	Бөбекжайға жаңадан келген баланың уақытында зерттелуі	Бақылау	Топ тәрбиенушілер	Жыл бойы
3	Диагностикалық жұмыстар, жеке, топтық концультациялар	Даму ерекшеліктерін зерттеу	Ойындар мен тапсырмалар, жаттығулар	Тәрбиенушілер	Қыркүйек
4	Таным үрдістерінің дамуына арналған зерттеулер жүргізу	Ойлау, есте сақтау, қиял, зейін, қабылдау	Ойлау, есте сақтау, қиял, зейін, қабылдауға байланысты әдістемелер	Кіші топ тәрбиеленушілер	Қыркүйек, қаңтар, мамыр
5	Баланың өзара қарым-қатынасын, ұжыммен қатынасын зерттеу	Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау	Әдістеме,отбасы проективті әдістемесі, социометрия, баспалдақ әдістемесі	Тәрбиеленушілер	Жыл бойы.

III. Психокоррекция және дамыту

№	Жұмыстың бағыты, мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Топтағы гиперативті балаларды анықтау	Мәлімет жинау	«Өзіңді ата», «Түрлену» ойындар мен тапсырмалар, жаттығулар	Тәрбиеленушілер	Қаңтар
2	Баланың жеке басты және жалпы топ балаларына бақылау жұмыстарын жүргізу	Жан-жақты мәлімет жинау	Бақылау	Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
3	Ата-анаға сауалнама жүргізу	Ата-аналармен қарым-қатынас орнату	Сауалнама, баяндама	Ата-ана	Жыл бойы
4	Өзара қарым-қатынасқа түсе алмайтын, тұйықтығы басым балалармен жұмыс	Балалармен қарым-қатынас орнаты, тұйық балаларды әңгімеге тарту	Тапсырмалар, жаттығулар, ойындар	Тәрбиеленушілер	Қажетіне қарай
5	Баланың шығармашылық қиялын дамытуға арналған жаттығулар	Баланың шығармашылық қиялын дамыту	«Менің көңіл күйім қандай» әдістемесі	Кіші, ортаңғы топтар	Ақпан
6	Баланың өзіндік бағалауын қалыптастыру	Ортада көріну, топтағы мінез-құлықтарын, өзіндік қадағалауын қалыптастыру	Ойындар мен тапсырмалар, жаттығулар	Кіші, ортаңғы топтар	Ақпан
7	Зейін тұрақтылығын дамытуға арналған жаттығулар	Бала зейінің тұрақтылығын дамыту	«Өз орныңыды тап» ойыны	Кіші, ортаңғы топтар	Наурыз

IV. Психологиялық–педагогикалық кеңес

№	Жұмыстың бағыты, мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Педагогтар мен ата-аналарға кеңес	Жеке даралық кеңес түрлерін өткізу, ата-аналар жиналысына қатысу, балабақша жұмыс жоспары бойынша педкеңестерге қатысу	Жеке даралық кеңес түрлерін өткізу, ата-аналар жиналысына қатысу, балабақша жұмыс жоспары бойынша педкеңестерге қатысу	Ата-аналар, педагогтар	Жыл бойы
2	Ақыл-кеңестер	Тренингтер, тестлер, анкеталар	Тренингтер, тестлер, анкеталар	Тәрбиешілер	Жыл бойы
3	Әкімшілікпен бірлесіп жұмыс жүргізу	Оқыту тәрбиелеу шараларының жоспарын құруға атсалысу	Оқыту тәрбиелеу шараларының жоспарын құруға атсалысу	Әдіскер, психолог	Жыл бойы
4	Жас мамандармен жұмыс	Кеңестер беру	Кеңес	Жас маман	Жыл бойы

V.Психологиялық–ағартушылық жұмыс

№	Жұмыстың бағыты, мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Баланың жеке тұлғалық картасын дайындау	Баланың мінез – құлқын бақылаудағы карта толтыру	Карта толтыру	Тәрбиеленушілер	Қыркүйек
2	Баланың бөбекжайға бейімделуі	Баяндама ұжыммен	Ата-аналар жиналысында	Ата-аналар	Қыркүйек
3	Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі	Ата-анамен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту	Баяндама	Ата-аналар	Желтоқсан
4	Бала дамуындағы ата-ананың рөлі	Баяндама	Ата-аналар жиналысында	Ата-аналар	Сәуір
5	Балалардың бойына жағымды мінез қалыптастыру	Мектепке дейінгі балаларға адамгершілік тәрбие беру	Лекция	Педагогтар	Мамыр

VI. Педагогикалық ұжыммен жұмыс

№	Жұмыстың бағыты, мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Тәрбиешінің жұмысымен танысу, жоспарлау және оның бағыттары	Тәрбиешінің жұмысымен танысу	Құжаттарды қарау, жеке әңгімелесу, кеңестер беру	Тәрбиешілер	Қыркүйек
2	Топтағы тәрбиеші мен баланың өзара қарым-қатынасын зерттеу	Топтағы тәрбиеші мен баланың өзара қарым-қатынасын зерттеу	Бақылау	Тәрбиешілер	Қазан
3	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу және талдау	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатыса отырып талдау жасау	Бақылау	Тәрбиешілер	Жыл бойы
4	Жас мамандарға көмек	Жас мамандарға қажет кезінде педагогикалық көмек беру	Әңгіме, сұхбат, кеңестер беру	Тәрбиешілер	Жыл бойы
5	Өзара қарым-қатынасты анықтау және дамыту	Ұжымда жағымды қарым-қатынас орнату	Тренингтер	Тәрбиешілер	Жыл бойы
6	Тест – психодиагностика құралы	Жалпы диагностикалық кәсіби лайықтықты анықтау	Тест	Тәрбиешілер	Мамыр

VII. Ата-анамен жұмыс

№	Жұмыстың бағыты, мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі, әдісі	Контингент	Мерзімі
1	Бөбекжайға жаңа келген балалардың ата-аналарымен жұмыс	Балаларға жаңа ортаға үйренуге көмектесу	Ата-аналарға бөбекжайға бейімделу туралы кеңестер беру	Ата-аналар	Қыркүйек
2	Ата-аналар жиналысын оздыру	Бірлесіп жұмыстануға баулу	Тренинг, ойын-жаттығу	Ата-аналар	Желтоқсан
3	Ата-ананың өз баласымен қарым-қатынасын анықтау	Қарым-қатынасты анықтау	Қарым–қатынасты анықтауға арналған тест	Ата-аналар	Қаңтар
4	Әр баланың жанұядағы тәрбиесіне баға беру	Жанұядағы қарым-қатынасты анықтау	«Отбасы суреті» әдістемесі	Барлық топтар	Ақпан
5	Ата-аналар жиналысына қатысып, жүргізілген жұмыстардың қорытындысымен таныстыру, баяндамалар оқу.	Жүргізілген жұмыстардың қорытындысымен таныстыру, педагогикалық-психологиялық кеңестер беру	Жүргізілген жұмыстардың қорытындысымен таныстыру, баяндамалар оқу	Ата-аналар	Мамыр

Бекітемін:
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі
_____ Қ.Д.Бақтыбаева
« »_____2024ж

ПСИХОЛОГТЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ